

АР 27510943. «Ұлытаудың мыс-никель және мыс кендерінде сирек жер элементтері мен бағалы металдардың пайда болу формаларын зерттеу» Ғ. ж. – Ли Е.С.

Аннотация:

Пикриттердің сульфидті кендерінен өкілдік үлгілерді жинауға бағытталған далалық жұмыстарды жүргізу және заманауи зертханалық әдістерді, соның ішінде рентгендік және электронды микроанализді қолданып микроминералдарды зерттеу мен бағалы элементтердің құрамын анықтау сирек жер элементтері мен бағалы металдардың орналасу заңдылықтарын, көріну ерекшеліктерін және генезисін анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері Ұлытау кендеріндегі сирек жер және бағалы элементтердің құрамын дәлірек бағалауға жол ашады, бұл өз кезегінде әлеуетті ресурстарға әсер етіп, Қазақстан Республикасының минералды-шикізат базасын нығайтады.

Бұл зерттеулердің экономикалық маңыздылығы бағалы элементтердің генезисі мен олардың көріну ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді, бұл кен өндіру мен байыту үдерістерін оңтайландыруға септігін тигізіп, мыс-никель кендерінің экономикалық құндылығын арттырады.

Ұлытау өңірінің мыс-никель және мыс кендеріндегі микроминералдық қоспалар құрамындағы сирек жер және бағалы элементтерді зерттеу – осы аймақтың кен ресурстарын кешенді зерттеудегі маңызды кезең болып табылады.

Зерттеудің мақсаты – Ұлытау өңірінің мыс-никель және мыс кентасты аймақтарындағы сирек жер және бағалы металл минералдануын зерттеу арқылы Қазақстан Республикасының платиноидтар мен сирек жер элементтері бойынша минералдық-шикізат базасын нығайту.

Жобаның міндеттері:

Мақсатқа жету үшін келесі ғылыми-зерттеу міндеттерін шешу қажет:

1. Ұлытаудың мыс-никель және мыс кендеріндегі сирек жер элементтері мен бағалы металдардың орналасу формаларын зерттеу;
2. Бұрын зерттелген мыс-никель және мыс көріністері орналасқан Солтүстік Ұлытау аймағындағы көршілес аумақтарды зерттеу арқылы сульфидтердегі сирек жер және бағалы металдардың таралуын бағалау;
3. Қор көздері мен баспа материалдарын жинау және талдау, Ұлытаудың әртүрлі бөліктерінен әртүрлі талдауларға арналған үлгілерді жинауға бағытталған далалық жұмыстар және тікелей минералогиялық-петрографиялық, геохимиялық зертханалық талдаулар жүргізу арқылы жыныстардың әлеуетті құндылығын бағалау және олардың генезисін анықтау;
4. Зертханалық мәліметтер негізінде Ұлытаудағы сирек жер және бағалы металл минералдануының геохимиялық заңдылықтарын жасау. Геохимиялық және минералогиялық деректерді талдау сирек жер және бағалы элементтердің генезисін анықтауға көмектеседі, бұл өз кезегінде олардың орналасу заңдылықтарын және ұқсас типтегі кендердегі іздеу белгілерін анықтауға мүмкіндік береді.

Мәліметтің жарияланған күні: 01.07.2025 ж.